

«Су тасқыны»

**Ортаңғы топтағы
төтенше жағдайлар бойынша тақырыптық іс-
әрекет.**

№11 «Аружан» б/б

Тәрбиеші: Байсапарова Г.А.

Шымкент

Білім салалары: «Таным», «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері: *Қоршаған ортамен таныстыру. Қоршаған орта экологиясы / көркем әдебиет.*

Тақырыбы: «Су тасқыны» тақырыптық іс-әрекет.

Мақсаты: Су тасқынының себептерін балаларға түсіндіру. Су тасқыны кезіндегі іс-шараларды көрсету.

Көрнекіліктер: Суреттер. Плакаттар.

Билингвистикалық компонент: Су тасқыны.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету (су тасқынының суреттерін), әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі:	- Балалар бізді қоршап тұрған не?	Табиғат.
Ұйымдастырушы. Ізденімпаздық.	Табиғатты нешеге бөлеміз?	Екіге. Жанды табиғат. Жансыз табиғат
	Табиғат құбылыстары дегеніміз не?	Жаңбырдың жаууы, күннің шығуы, бұлттануы, бұршақтың, қардың жауғаны, желдің тұрғаны.
	Дұрыс айтасындар. -Балалар біз бүгін табиғат апаттары туралы әңгімелесміз.	
	Табиғат апаттарына: су тасқыны, жер сілкінісі, өрттің шығуы т.б. жатады.	
	- Біз бүгін су тасқыны болған жағдайда не істеу керек? «Су тасқыны» іс-шарасын жүргіземіз.	

	Су тасқыны – судың өз деңгейінен көтерілген кезде біршама жердің су астында қалуынан пайда болады. Су тасқыны – қардың еруі немесе жаңбырдың құюы, дамбаларды қоршап тұрған қақпалардың қирауы, желдің әсерінен су деңгейінің көтерілуі және жердің қозғалуы салдарынан пайда болады. -Ұзақ мерзімдік су тасқыны – су басу 1 айдан -2айға дейін созылады. -Қысқа мерзімдік су тасқыны – су басу бірнеше сағатқа созылады. -Кенеттен болатын су тасқындары –мол жаңбырдың, бөгеттердің, дамбалардың бұзылуы нәтижесінде болады. Су тасқыны кезінде не істеу керек? Кідірместен қауіпсіз ауданға немесе аймақтық биік жеріне бару керек. *Өзімізбен бірге	«Су тасқыны» болған жағдайда не істеу керектігін білді.
--	--	--

құжаттарды, заттарды алып, оларды су өткізбейтін пакетке салу керек, сонымен қатар бқзылып кетпейтін тамақ өнімдерінің екі күндік қорында алуды ұмытпау керек.

* Үйден шығарда электр қуаты мен газды өшіріп кетіңіздер.

* Көмек келгенге дейін немесе судың басылуына дейін жоғарғы қабаттарда және ғимараттың шатырларында немесе басқа да биік жерлерде болу керек. Мұнымен қатар апат дабылын беріп тұру керек.

* Күндіз көзге түсетін шүберекті ағаш сапқа іліп алып, қайта-қайта бұлғап тұру керек.

- Түнде –жарық дабылын беріп тұру керек және оқтын-оқтын айқайлап дауысты шығарып тұру керек.

- Басқа жағдайларда – отжағу керек, жалау көтеру керек, авто-көліктің дыбыс дабылын

Рефлексивті коррекциялаушы.	қолдану керек және т.б. Балаларға айтып түсіндіру. - Балалар біз бүгін не тралы әңгімелестік. Сұрақ-жауап арқылы бүгінгі тақырыпты қорытындылау.	Су тасқыны туралы. Сұраққа жауап береді.
--	--	--